**Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округінің көшелеріне түнгі жарықшамдар орнату жұмыстарына түсіндірме жазба**

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі болып танылады.

Жобадағы Абай ауылының Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді күтіп ұстау жұмыстары болып табылады.

Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпір Абай ауылының аудан орталығына ауыл тұрғындарының негізгі қатынас жолы болып табылады. Елді мекен аудан орталығынан осы қалқымалы көпір өткелімен есептегенде 18 км қашықтықта орналасқа. Осы қалқымалы көпір болмай қалған жағдайда елді мекеннен аудан орталығына айналма жол қашықтығы 50км жүруде ауыл тұрғындардың наразылықтары жиі түседі. Сырдария өзеніндегі су деңгейінің көтеріліп немесе төмен түсіп кеткен жағдайда қалқымалы көпірді қалыпқа келтіру жұмыстары үшін шұғыл шешім қабылдап тұрғындарға қолайлы жағдайды қамтамасыз ету қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28)тармақшасына сәйкес -аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

**Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алды таңдау себебі:** Тапсырыс беруші бәсекелестік әдістерді қолдана отырып, Қазалы ауданы аумағында Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді күтіп ұстау жұмыстарына мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Республика аумағында орналасқан жеткізушілер өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындап жатқандығы анықталды.

Осы ретте, Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық округі, Абай ауылының Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді күтіп ұстау жұмыстарын тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылғалы отыр.

Қазалы ауданы көлемінде Сырдария өзеніндегі қалқымалы көпірді күтіп ұстау жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесіндетөмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушіге келісім шарт жобасы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алужүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

**Сарыкөл ауылдық округінің әкімі** **Р.Бердімұрат**